

ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

2017 • 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.

PUBLISHED SINCE 1944



Б а с р е д а к т о р ы
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Адекенов С.М. проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)
Боос Э.Г. проф., академик (Қазақстан)
Величкин В.И. проф., корр.-мүшесі (Ресей)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Белорус)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Тәжікстан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Қазақстан)
Нараев В.Н. проф. (Ресей)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Ұлыбритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Ұлыбритания)
Омбаев А.М. проф. (Қазақстан)
Өтелбаев М.О. проф., академик (Қазақстан)
Садыбеков М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сатаев М.И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Северский И.В. проф., академик (Қазақстан)
Сикорски Марек проф. (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Харин С.Н. проф., академик (Қазақстан)
Чечин Л.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Қытай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Қырғыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»
ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 01.06.2006 ж.
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

Адекенов С.М. проф., академик (Казахстан) (зам. гл. ред.)
Боос Э.Г. проф., академик (Казахстан)
Величкин В.И. проф., чл.-корр. (Россия)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Беларусь)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Таджикистан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Казахстан)
Нараев В.Н. проф. (Россия)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Великобритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Великобритания)
Омбаев А.М. проф. (Казахстан)
Отелбаев М.О. проф., академик (Казахстан)
Садыбеков М.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Сатаев М.И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Северский И.В. проф., академик (Казахстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Харин С.Н. проф., академик (Казахстан)
Чечин Л.М. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Китай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Кыргызстан)

Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> reports-science.kz

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e fdoctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov****E d i t o r i a l b o a r d :****Adekenov S.M.** prof., academician (Kazakhstan) (deputy editor in chief)**Boos E.G.** prof., academician (Kazakhstan)**Velichkin V.I.** prof., corr. member (Russia)**Voitsik Valdemar** prof. (Poland)**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)**Gordiyenko A.I.** prof., academician (Belarus)**Duka G.** prof., academician (Moldova)**Ilov M.I.** prof., academician (Tadjikistan),**Leska Boguslava** prof. (Poland),**Lokshin V.N.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Narayev V.N.** prof. (Russia)**Nekludov I.M.** prof., academician (Ukraine)**Nur Izura Udzir** prof. (Malaysia)**Perni Stephano** prof. (Great Britain)**Potapov V.A.** prof. (Ukraine)**Prokopovich Polina** prof. (Great Britain)**Ombayev A.M.** prof. (Kazakhstan)**Otelbayv M.O.** prof., academician (Kazakhstan)**Sadybekov M.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Satayev M.I.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Severskiy I.V.** prof., academician (Kazakhstan)**Sikorski Marek** prof., (Poland)**Ramazanov T.S.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Takibayev N.Zh.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief**Kharin S.N.** prof., academician (Kazakhstan)**Chechin L.M.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Kharun Parlar** prof. (Germany)**Endzhun Gao** prof. (China)**Erkebayev A.Ye.** prof., academician (Kyrgyzstan)**Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.****ISSN 2224-5227****ISSN 2518-1483 (Online),****ISSN 2224-5227 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz / reports-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 1, Number 311 (2017), 179 – 192

UDK 94 (574).39.394

T.E. Kartaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

kartaeva07@mail.ru**THE ROLE OF CAMEL IN THE LIFE OF THE KAZAKHS**

Abstract. This article deals with the problems which related to the traditional camel breeding of the Kazakhs. The camel breeding plays a huge role in the life of the Kazakhs. Camel is considered as wealth for the Kazakhs. The Kazakhs who have a lot of camels and horses in the herd roamed over long distances. The strength of the camel was used in the processing of land, water extraction and for carting goods. Camel meat and milk provided food; leather, wool and bone were widely used in everyday life. The Kazakh people highly appreciated camel and called it «ұлық / ulyk» (precious), and a camel shepherd «ұлық баққан / ulyk bakkan» (tending precious). Different traditions existed among the Kazakhs, folk knowledge, beliefs which related to the camel.

Keywords: camel, traditional farming, pasture, belief.

ӘОЖ 94 (574).39.394

Т.Е. Картаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

**ТҮЙЕНІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ
ТІРШІЛІҚАШЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ**

Аннотация. Мақалада қазақ халқының дәстүрлі түйе шаруашылығына қатысты этнографиялық мәселелер қарастырылған. Түйе шаруашылығы қазақ халқының тіршілік қамы жүйесінде маңызды рөл атқарады. Түйе малы қазақтар арасында байлық саналған. Малы көп, әсіресе түйе мен жылқыға бай малшылар алысқа көше алды. Алысқа көшетін қазақтар түйені жүк көлігі ретінде пайдаланған. Түйенің күші жер жырту, су шығару, жүк тасу қызметтеріне пайдаланылған. Түйенің еті мен сүті азық болса, терісі, сүйегі, жүні тұрмыста кеңінен қолданылған. Қазақ халқы түйе малын қастерлеп «ұлық» деп, ал түйешіні «ұлық баққан» деп атаған. Түйеге қатысты дәстүрлер, халық білімі, наным сенімдер жүйесі қалыптасқан.

Тірек сөздер: түйе, дәстүрлі шаруашылық, жайылым, наным сенім.

Kіріспе. Түйе малы қазақтар арасында байлық саналған. Түйені Сырдың төменгі ағысын, Арал бойын, Маңғыстау өңірін, Қызылқұм, Қарақұмды, Борсық құмдарын мекен еткен тайпалар көбірек өсірген. Төрт түліктің бойында болатын жақсы қасиеттердің бәрі түйе малының бойынан табылады. Түйені – төрт түліктің төресі, киелі түліктің бірі деп есептеген. Ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерінде түйеге қатысты теңеу сөздер, даналық нақылдар, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. «Түйесі бардың – киесі бар», -деген ой-тұжырым түйенің тіршілік ерекшелігін айқын аңғартады. Түйе түлігін қастерлеп «ұлық» деп те атайды. Түйешіні «ұлық баққан» деп құрметтеп, оған көпшілік жиналған жерде төрден орын берген. Бір түйешінің отарында 50-100 бас түйеге дейін болған [14, с.18]. Қазақтың атақты күйшілері Сүгірдің «Бозінгені», Ықыластың «Желмаясы», Тәттімбеттің «Бозінгені» түйе түлігіне арналған аңыздар бойынша шығарылған. Түйенің пірін – «Ойсылқара», кей жерде «Қаусыл-қазы» деп атайды. Түйе малының тобын – *келе*, өрісін – *матау* деп атайды.

Мәселенің әдістемесі. Мақаланың теориялық негізіне алға қойған міндеттерін дұрыс шешуге бағыт-бағдар беретін ғылыми көзқарастар алынды. Тақырыпқа қатысты алғашқы зерттеулер мен деректерді, алғашқы тарихи фотоқұжаттарды жинақтап, оны ғылыми тұрғыда игеріп, зерделеуге

тырыстық. Алғашқы авторлардың еңбектерін пайдаланғанда сол кезеңдегі ғылыми ортаның зерттеу дәстүрін, зерделеу өресін, идеологиясын назарға алып, оған өзіндік көзқараспен пікір беру ескеріліп отырды. Сондай-ақ, тақырыпқа қатысты мәселелердің, атап айтқанда дәстүрлі түйе шаруашылығының бүгінгі күнгі жай күйіндегі дәстүрлі танымдардың байырғы кезден өзгеріссіз жеткен тұстарын далалық этнографиялық экспедициялар материалдары негізінде зерделеуге тырыстық. Түйеге қатысты халықтық білімдер жүйесіндегі жойылып кеткен, қолданыстан шығып қалған дәстүрлі танымдарға байланысты өзіндік тұжырымдарымызды бердік.


Түйені жұмыс күші және көлік ретінде пайдалану. Қазақтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малдың қамына байланысты қалыптасты. Малына қор іздеген қазақтар жыл бойына бір жайылымнан, екінші жайылымға көшті. Бүкіл өріс аймағы маусымдық қыстау, көктеу, жайлау, күзеу жайылымдарына бөлінді. Көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйе мен жылқыға бай қазақтар алысқа көше алды [30, с.248; 4, с.63; Сурет 1-3]. Алысқа көшу кезінде түйелердің белгілі бір тобы көш көлігі қызметін атқарған. Бай отбасының көшуі үшін жүк санына қарай 10-12 түйе, әлеуметтік жағдайы орта отбасы үшін 4-6 жүк көлігі, шаңырақтағы адам санына қарай 2-6 мініс көлігі қажет болған. Сыр бойында түйе мініс көлігі ретінде де, жүк көлігі ретінде де міндет атқарса, ал Тарбағатай, Қарқара өңірінде көш кезінде түйені тек жүк көлігі ретінде ал, Қара Ертіс даласында әйелдер түйені мініс көлігі ретінде пайдаланды. Ал, жақын қашықтыққа көшетін қазақтар жүктерін ат пен өгізге артқан, арбаны қолданған.



Сурет 1 – Көшке жиналу. ҚРМОМ қоры



Сурет 2 – Жайлаудан қайтқан Сыр қазақтарының көші [20, с.128а]




Сурет 3 – Сыр қазақтарының көші [1, I, с.157]

Қазақтар көш түйелеріне шашақталған жабулар жауып, мініс көліктерінің көш сәнін келтіріп тұруына үлкен мән берген. Көш түйелеріне әшекейленген арнайы жабу жапқан, басына жібек

шашақты ызба аспалар қадаған, мойнын аспалармен безендірген [18, I, с.340]. Көшкенде, той-думандарда тәуір түйелерге жабатын, оюланып, әшекейленген арнайы жабу, мойнына асатын немесе басына қадайтын жібек шашақты ызба аспалар Сыр өңірінде *асмалдық* деп аталған. Жүк артқан түйелер ең жақсы кілеммен, жабумен, бұйдалармен әшекейленген [9, с.43]. Сыр-Арал қазақтары құмды жерлермен көшетін болғандықтан жүктерін түйеге артқан, арбасыз көшкен [5, с.64].

Кейбір байлар өз көштерін көпестер әкеліп сатқан түйеқұс, павлин қауырсындарын тең үстіне, күймелерге қадап сәндеген. М.Красовский: «Жүк артқан түйелердің бастары шашақ қоңыраулармен, теңдер түйеқұс, павлин қауырсындарымен сәнделді», - деген [20, III, с.41-42; Сурет 4 а,ә]. Мұндай көшті «*қарқаралы көш*» деп атаған. Байырғы қазақтар көш кезінде кебежеге сәндік үшін тағатын қырғауылдың төрт қауырсынын да «қарқара» деп атаған [27, с.109; Сурет 4б]. Г.Н. Потаниннің осы мәліметі көңіл аудартады. Сыр өңірінің аңшылық дәстүрінде қырғауыл аулау қарқынды дамығанын ескерсек, қырғауыл қауырсыны көш салтанатының бір атрибуты болған деуге негіз бар. Құс қауырсынын қадау тіл-көзден сақтанумен де тікелей байланысты. Сыр қазақтары арасында қазіргі күні де қырғауыл қауырсынын кілемге қадап қою сақталған, бұл байырғы қазақ қоғамынан қалған дәстүр сарқыншағы. Яғни қазақ даласының қай өңірі болмасын қазақтар көш салтанатына ерекше мән берген деуге болады. Қазақтардың көшті салтанатпен бастауы, жайлауға аман-есен жетейік, жолымыз сәтті болсын деген ырыммен байланысты.



Сурет 4 – а) Қарқарамен сәнделген көш. ә) қарқара – фрагмент. ҚРМОН қоры. б) Қырғауыл қауырсынымен сәнделген кілем.



Сурет 5 – Түйе шығыр: а) Су көтеру үшін шығырды түйе көмегімен қозғалысқа келтіру. Сырдарияның сол жақ беті. XIX ғ. аяғы. М.Дьяков түсірген [12, 19]; ә) Шыңырау құдықтағы түйе шығыр. Маңғыстау өңірі. XIX ғ. аяғы. ; б) Түйемен жер жырту.

Су көтеретін қондырғы шығырды қозғалысқа келтіру үшін, шыңырау құдықтардан су тарту, теңізге салған ауды (балық аулау ісі) жинайтын шығыр үшін де түйені жұмыс күші ретінде пайдаланған (Сурет 5). Шығырлар жағасы биік арықтар бойына орнатылып, түйе, өгіз, ат көмегімен қозғалысқа келтіріліп, жегілген түлік түріне қарай «түйе шығыр», «өгіз шығыр», «ат шығыр» деген атаулар қалыптасты. Егіншілік ісінде, жер жыртуға, дән үккіш тасты қозғалысқа ендіру үшін де түйені жұмысқа жеккен [АЭМ].

Ертеде сауда керуенінің де көш көлігі түйе болғаны белгілі. Керуеншілік арнайы бір кәсіптің түрі болды. Керуен қызметін ұйымдастырудың жауапкершілігі *керуенбасының* міндетіне жүктелген. Керуенбасылықты кәсіп еткендер керуен бастаумен қатар, керуенге түйе қосумен де айналысқан. Жүздеген түйені керуеншілерге сату үшін арнайы өсіретін бай қазақтар кездесіп жатты. Керуендегі түйелерде жолға салып отыратын қазақтар «шапарлар» деп аталып, олар керуенбасыға бағынды. Керуен қызметін ұйымдастырудың жауапкершілігі *керуенбасының* міндетіне жүктелген. Керуенбасылықты кәсіп еткендер керуен бастаумен қатар, керуенге түйе қосумен де айналысқан. Жүздеген түйені керуеншілерге сату үшін арнайы өсіретін бай қазақтар кездесіп жатты [23, с.46; Сурет 6-7]. Керуендегі түйелерде жолға салып отыратын қазақтар «шапарлар» деп аталып, олар керуенбасыға бағынды.

Түйемен бір тасылған жүкке 8-12 рубль төленді [25, Ч.1, с.580]. 1 түйеге 10 нан 18 пұтқа дейін жүк артылды. Кірекештер үшін жүк жеткізу оңай жұмыс болған жоқ. 12-15 пұт жүгі бар түйе құмды-шөлді жерде 1 сағатта 3-3,5 км., күніне 30 км. жер жүрген. Түнде түйенің көзі нашар көрген, ал аптап ыстықта жүру қиын болғандықтан керуен дем алған. Кірекештер тек жүк жеткізуді ғана емес, түйе күтіміне де қараған [28, с.82].



Сурет 6 – Дариялықтақыр үстінен өтіп бара жатқан сауда керуені. XIX ғ. соңы. С.Неуструев түсірген [23, табл. 49]



Сурет 7 – Кіре тарту. ҚРОМҚДМ қоры


Е.Смирнов: «Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент уездері қазақтары арасында жүк тасушылық кәсібі ерекше дамыуын бұл өңірде түйе малының көптігімен байланыстыра отырып, ертеде бұл кәсіппен шөмекейлер айналысып, Орынбор және Сібір мен Бұхара, Хиуа аралығын жалғайтын керуен жолдарында жүк тасыған, кейін бұл кәсіпті игеруге Кіші және Орта жүздің басқа да рулары қосылды. «...Арбадан көрі түйемен жүк тасу тиімдірек болды, ауыр жүк артылған түйе керуені қамысты да, ойлы, төбелі, шөлді, құмды жерлермен де жүре алған», – деген [30, с.158]. Теңді дұрыс артса бір түйе 40 тан 50 пұтқа дейін жүкті таси алады [30, с.159]. А.П. Смирнов болса, қазақ жерінің Түркістан, Сібір, Орынбор өлкелерінде сауда-саттық айырбас түрінде дамып отырғандығын айта келе, қазақтардың жүк тасушылық қызметке өз түйелерімен жалданып отырғандығын айтқан [29, с.26-27]. Жүк тасушылар немесе керуеншілер өздерінде түйе болмаған немесе жетіспеген жағдайда қосымша басқа түйелерді жалға алып отырған.

Ал, Ш.Ш. Уәлиханов: «Сырдария өткелінен жүктер жалпақ тегіс етіп жасалған салдар арқылы өткізіледі. Түйеге, атқа артылған жүк үшін 1 теңге немесе 20 тиын күміс ақша алады», – деген [8, с.172]. Кейбір саудагерлер лавкаға жалдамалы сатушы ұстап бұл жерде жыл бойына сауда жасаған. 1865 жылы Қазалы фортынан Орынборға дейінгі керуенге 1500 түйе жалға алынып, әрқайсына 7 рубльден төленген. Сырдариядан Бұхара және Хиуаға дейін қазалылық керуенші бір түйеге артқан жүкке 10-12 рубльға дейін алған. Кері қарай керуенбасылыққа жалданған адам Бұхарадан Орскіге немесе Орынборға дейін керуенді жеткізуге, бір түйенің теңіне 18 рубль күміс ақша алған, мойнына алған жүкті жарты жолда басқа біреуге тапсырмаған.


Сырдарияның төменгі ағысы, Арал өңірінде түйе шаруашылығының басым дамуына орай түйе тұрмыстың көп түріне пайдаланылды. Отын тасу, шөп тасу, балық аулауға қолданылатын құралдарды тасуға қолданылды (Сурет 8-10).



Сурет 8 – Перовск базарына сапар. Пішен саудасы. 1910 жыл, қазан [21, с.96а]



Сурет 9 – Түйемен қайық тасу. Арал өңірі. XIX ғасыр аяғы [1, II]



Сурет 10 – Қамыстыбас көліне балық аулауға барар сәт. Фото бойынша Ж. Шәйкен реконструкциясы [7, с.152]

Түйе адам қайтыс болғанда жерлеуге алып баратын көлік қызметін атқарған. Өлген адамды мола жақын болса керегені табыт ретінде пайдаланып, соған жатқызып апарған, алыс болса

түйемен алып барған [10, с.256; Сурет 11]. Қ.Қостанаевтың «өлген адамды ағаш табытқа салып, бейітке алып кетеді» – дегенде осы кереге табытты меңзегені болуы керек [19, с.48]. Н.Калмаковтың «егер қабір ауылға жақын болса, онда марқұмның мәйіті жеңіл-желпі зембілмен, ал зираттар шалғайда болса, онда мәйітті киізбен орап, түйемен жеткізеді» – деген дерегін информаторлар негіздеп отыр [15, с.228]. Өлікті жөнелткенде түйенің екі жағына тең жасайды. Теңнің үстіне мәйітті киізге немесе көрпеге жатқызып алып барады. Әйелдерді жерлеуге барғызбаған [АЭМ]. Ф.А. Фиельструп көшпелілердің мәйітті тек түйемен емес, атпен де апарып жерлегенін жазады. Ол үшін ердің екі жағына ыңыршақты (түйе ері) теріс қаратып байлап, үстіне тақтай қойып, мәйітті киізге орап жатқызады [32, с.113].



Сурет 11 – Өлікті жерлеуге түйемен алып бару. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы [6, I, 162]

Қазақтарда ұзатылған қыздың жасауын түйеге артқан. «Қыз Жібек» жырындағы:

*«...Сексен нарды толтырып жасау артып,
Бес жетім, алтын отаубердідейді,
Тоғыз жорға ат жабдықтап Жібек үшін,
Қайын енесі қасына ерді дейді...»
«...Сексен түйе үстінде,
Алтынды жағдан орнаған...»*

– деген жолдар қыз жасауының түйемен апарылғандығын айтады.

Қазақ халқының «өзім дегенде атан түйедей күшім бар», «соңғы түйенің жүгі ауыр» деген мақал сөздері түйенің күшін тұрмыста пайдаланумен байланысты. Сыр қазақтары дарияның бір бетінен екінші бетіне жүк таситын біріктірілген екі қайықты «түйе қайық» деп атайды, ол көп, ауыр жүк өткізетін қайыққа байланысты қолданылатын атау, себебі түйе ауыр жүкті көтереді (Сурет 12).



Сурет 12 - Түйе қайық. Сыр өңірі. ҚРОМҚДМ қоры

Түйе атауларына байланысты ерекшеліктер. Ә. Диваев Сырдария облысы, Перовск уезі, Жаңақорған болысында болған сапарында Абдулла Ниязовтан жазып алып, «Из области скотоводческого хозяйства» атты мақаламен «Туркестанские ведомости» және «Туркестанские сборник» беттерінде жариялаған. Абдолла Ниязов «дала шаруашылығына қажетті малы болса ғана қазақ бақытты болады», – дей отырып түйе, жылқы, сиыр, қой мен ешкінің жасына қарай атауларын жіпке тізіп берген. Түйенің екі негізгі түрі бар – *бір өркешті* және *айыр өркешті*, яғни екі өркешті түрлері бар. Буаз түйелерді қазақтар *буаз*, еместерін *қысыр* деп атайды. Бір өркешті түйенің еркегі *үлек*, ал ұрғашысы *аруана* деп аталады. Екі өркешті түйенің еркегін *бура*, ұрғашысын *іңген* дейді. Бір өркешті түйені екі өркешті түйемен шағылыстыру нәтижесінде қазіргі кезде бір өркешті түйенің жеті түрі пайда болды, олардың негізгілері *аруана* және *үлек*, *бекпатша нар*, *қолпатша нар*, *жампоз нар*, *жөнек нар*, *қылағай нар* және *соқпақ нар*. Қос өркешті түйелер *айыр өркеш*, *мырза қоспақ* және *керісті қоспақ* болып үшке бөлінеді. Егер бураны аруанамен шағылыстырса, онда *бекпатша нар*, егер үлекті інгенмен шағылыстырса, *қолпатша нар* алынады; егер бекпатшаны қолпатшамен шағылыстырса, *жампоз нар* шығады. Егер бекпатша және қолпатша аруанамен немесе жампозбен шағылыстырса *жөнек нар* алынады, оны Бұхарада *кең қолтық* деп атайды. Егер үлекті жөнекпен немесе жөнекті аруанамен шағылыстырса *қылағай нар*; ал, бекпатшаны және жампозды қос өркешті бурамен немесе керісінше аталған түйелер қос өркешті інгенмен шағылыстырса, *мырза қоспақ* алынады. Егер мырза қоспақты үлекпен немесе аруананы мырза қоспақпен шағылыстырса онда *керісті қоспақ* шығады. Ал, керісті қоспақты қылағай нармен немесе қоспақты қылағай нармен шағылыстырса, онда *соқпақ* нар алынады. Сонымен түйенің он түрі алынады [11].

Үлек пен аруананың бұйра жүні болады, бойы биік, алқымдарында ұзын жүні бар, құйрықтарының ұшындағы жүні де ұзын болып келеді, бұл құйрықты *шал құйрық* деген ерекше атаумен атайды. *Аруана* жаратылысынан бір өркешті, таза нәсілді, тықыр жүнді, суыққа шыдамсыз, ұзын емшекті келеді, өте сүтті, сидаң сирақ, ыстыққа, шөлге шыдамды ұрғашы түйе тұқымы (қазақтар түйенің арқасына кигізге салатын қом тәрізді жабу да *аруана* деп айтады). Үлектің мойынан және алқымынан шудаланып тұрған ұзын жүн *қалқан* деп аталады. Бекпатша нардың өркеші биік келеді, бұйра қою, қалың жүні бар, сандары үлкен, мойындары ұзын, басы астау тәрізді және аяқтары жуандау болады. Бекпатша нардың айрықша белгісі ол бақырмайды. Одан әрі қолпатша нар келеді. Сыртқы түрі жағынан ол бекпатша нармен ұқсас және одан ерекшелігі аз болса да бақырады. Жампоз нардың кейбір түйелердей бұйра жүні бар, өркеші биік емес, қолтығының астында, сол сияқты төстің тегіс бөлігінің маңында екі шоқ ұзын жүні бар, оны *зұлып* деп атайды. Жампоз нар да көп бақырмайды. Жөнек нардың іші үлкен; оның сандары жіңішке; жүні ешкінің жүніне ұқсас, тік бұйра емес, қабағы қалың, өзінің тұрақты бақыратындығымен ерекшеленеді. Қылағай нардың жүні сирек, бұйра емес, аяқтары жіңішке, басы кішкентай және жалпы алғанда, нашар жетілгендігімен ерекшеленеді. Өте көп бақырады. Соқпақ нардың өркеші биік, тікейіп тұрады, бойы биік, жүндері бұйра емес, түрі ажарсыз, көп бақырады. Қос өркешті түйе жоғарыда айтылғандай үш түрге бөлінеді. Бірінші түйе *айыр өркеш*, оның бойы биік, іші үлкен болады. Жүні қалың, ұзын болып келеді. Екінші түрі – *мырза қоспақ*. Дене бітімі мығым, жүні бұйра, түрі өте сиықсыз, өркештері кішкентай, арасы алшақ емес, бірақ бір адам сыюға жеткілікті болады. Мырза қоспақ бақырмайды. Ақыр аяғында, үшінші түрі – *кірісті қоспақ*. Бір қарағанда ол бір өркешті түйеге өте ұқсас, өйткені оның өркешінің түбі жалпақ, үстіңгі айырығының елеусіз болатындығы сондай, оның ойығын тек қолмен сипап қана көруге болады. Оның жүні ұзын, тығыз, ешкі жүні сияқты, бұйра емес. Кірісті қоспақ бақырады. Сапасы жағынан жақсы түйе үлек, аруана, айыр бура, бекпатша нар, қолпатша нар, жампоз нар, мырза қоспақ пен жөнек нар болып саналады. Нашар тұқымдары қоспақ, қылағай және кірісті қоспақ болып саналған [11].

Піштірілмеген еркек түйелер – *үлек*, *нар*, *бура*, сол сияқты жастары: *бауырышын*, *үлекше* және *нар бура* деп аталады. Піштірілген бір өркешті еркек түйелер *ақта үлек*, *ақта нар*, ал екі өркештісі *атан* деп аталады. Піштірілу төрт жаста (*дөнен*) аяқталады. Барлық тұқым түйелердің шағылысу кезеңі қаңтардан басталып, сәуір айына дейін созылады. Тек үлекті қаңтардан 1 мамырға дейін қашуға қосады. Үлек 30 түйені, ал бура 20 түйені қашырады. Еркектері шағылысуға бес жастан бастап түседі, ал ұрғашылары төрт жастан-ақ боталайды. Бір өркешті түйенің буаз болу уақыты он

екі айға, ал қос өркешті түйенің буаз болу уақыты он төрт айға созылады. Жалпы алғанда, барлық тұқымның жаңа туған төлдерін *бота* деп атайды да, оған ботаның шыққан тегінің тұқымы қосақталып айтылады: мысалы, *үлек бота*, *нар бота*, *қоспақ бота* және т.б. Екі жасқа жеткен соң (*тайлақ*) түйенің танауы тесіліп, үш жасында (*құнан*) жүк тасуға аз-аздап үйретіле бастайды.

Сыр өңірінде түйе атауларының молдығы да түйе шаруашылығының басым дамығандығының айғағы. Сыр өңірі қазақтарының тілінде түйе атауларына қатысты бірқатар ерекшеліктер бар. Түйеге қатысты Сыр өңіріндегі ерекшелікті келесідей атаулардан көреміз:

Айыр бота – айыр түйелердің қос өркешті ботасы; айыр қоспақ – өсетін жердің табиғатына, жергілікті тілдік қолданысына қоспақтан айыр түйе түріне ауа бастаған қоспақ будан. Оның атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақ. Ал қоспақтың өзі әр ауданда әртүрлі аталады: Қармақшыда – атасы үлек, енесі айыр інгеннен; Жалағашта – аруана мен үлектен, кірісті қоспақ – қоспақ пен үлектен, қоспақ пен бурадан; Сырдарияда – нар мая мен бурадан, мырза қоспақ – қоспақ інген мен бурадан; ара қоспақ, айыр қоспақ інген мен бурадан; Шиеліде – нар мая мен айырдан; айыр өркеш, айыр түйе – екі өркешінің аралығына екі адам еркін сыйып отыратындай қос өркешті түйе атауы. *Айыр тайлақ* – таза нәсілді айыр бура мен айыр інгеннен туған қос өркешті, сымбатты, үлпек жүнді, көз қызығатындай тайлақ. Мұны кейбір аймақтарда *жампоз тайлақ* деседі.

Ақбас өркеш – жұмысқа көп салудан не қотыр сияқты аурудан өркеш басындағы шудасы түсіп, оның орнына ақ буда жүн шыққан өркеш.

Ақ бура – түсі, жүні реңі ақшыл болып келетін, келеге түсетін еркек түйе.

Ақ қаптал түйе – арбаға жегіп, бір, тіпті екі бүйірі жарақаттанып немесе қапталына жара шығып, кейін тәуір болып кеткен, олардың орнына ақ жүн шыққан не сол жердегі терісі ақ көң боп қалған түйе.

Ақ мая – біртуманың бекпатша аталатындарының қолтумасы. Егер аруанаға ақ бура шөксе, ботасы ақ түсті болып, туатын жағдай кездеседі.

Ара қоспақ – атасы – таза бура, енесі – мырза қоспақ інгендері болып келетін, өркеш аралығы айырдан гөрі әлде де қоспаққа тән будандастырудың бесінші ұрпағы.

Арамза бота – түйеші немесе түйе иесі күтпеген жағдайда туылған бота.

Арттырған түйе – үстіндегі қыздың жасауымен немесе артылған жүгімен сыйға, бәйгеге тартылатын мақтаулы түйелердің бірі.

Аруана бота – аруана мен үлектен туған жалғыз өркешті бота. *Аруана тайлақ* – таза аруана нәсілді бура мен таза аруанадан туған жалғыз өркеш түйе төлінің екі жастағы атауы.

Ауған түйе – 1. бөтен жерден мекенін ауыстырған түйе. 2. үстіне артылған жүк ұзақ жүрістен не о баста дұрыс артылмағандықтан, түйенің оң немесе сол қапталына қисайып ауа бастауы.

Аю бура – қызыл көзденіп, ызаға булығып, әбден жараған, қаңтар-ақпан айларында көз көрім, алыстан кімді де болса, тіпті салт аттыны да қуып жетіп зақымдайтын, сол мінезінен тұсауланатын, тым қауіптілерінің аузына тұмылдырық, құрсау кигізілетін, кемеліне келген будан бура.

Бая түйе, бая нар – қасына тірі жан жақындағанды ұнатпайтын, құсаған, қарсылық білдіретін қоспақтардың азғын түрлерінің бірі.

Кердері – Қазалы, Арал қазақтарының тіліндегі қоспақ түйенің атауы. Бұл жерде қоспақтың кердері атануы кердерілердің осы жерде тұрғандығымен байланысты [14; АЭМ]. Қазалы түйелері көбіне екі өркешті болып келді.

Түйе тісіне қатысты атаулар. Қос өркешті түйеде алғашқы екі тісі бес жасында, ал бір өркештіде жеті жасында түседі. Түйенің күрек тісі сегіз болады. Екі ортаңғы тіс қос өркешті түйеде бес жасында, ал нарда жеті жасында түседі. Жаңадан жарып шыққан тістер әдетте ескілерінен ұзынырақ келіп, *қасқа тіс* деп аталады. Бұдан соң жыл сайын екі жағынан екі тістен түсіп, жаңа тістермен алмасып отырады. Осылайша қос өркешті түйе тісінің толық жиынтығын сегіз жасында, ал бір өркешті он жасында толықтырады. Түйенің барлық алғашқы тістерінің түсіп, жаңаларымен алмасуының белгісі оның барлақ тістері бұл кезде тегіс болып келеді. Он бір жаста түйенің алғашқы екі тісі мұқала бастайды; бұл құбылысты қазақтар «*бұршақ ұрды*», - деп атайды; осы құбылыс жыл сайын біртіндеп, басқа тістерге ауыса береді. Содан соң он үш жасынан бастап, түйенің тістері қажалып, қайрайтын тас (қайрақ), яғни бір тегіс жазыққа айналады. Он екі жастан соң-ақ түйенің тістері мүлде қажиды, ал отыз жасқа қарай тек етті қызыл иек қана қалады. Ауыз

жеу мүмкіндігінен айырылған жануар аштықтан өліп, арам қатады. Қазақтар мал арам өлмес үшін қартая бастағанда соғымға сойып жеген [16, 524 б.].

Түйе өнімдерін тұрмыста қолдану. Жүн шуда – түйенің өркеш үстіндегі, тізеден жоғары жердей, мойнының астындағы ұзын қылшықты жүні. Боздақ – түйе түлеген соқ шыққан, жаңа жүн. Қымыран, шұбат, ашыған – түйе малының сүті. Түйе шаруашылығы басым өңірлер Сыр-Арал, Маңғыстауда түйе жүні тұрмыста кеңінен қолданылды. Түйе жүнін иіріп, шекпен, т.б. киімдер тоқыса, жүнін көрпе, көрпешеге салды. Арал, Қазалы өңірінде түйе жүні қазіргі уақытта кеңінен қолданыста, әрі түйе жүнінен жасалған тоқылған бұйымдар сауда-саттық көзіне айналып, халықтық тұрмыстық қажеттілігін өтеуге қызмет етуде.

Түйе терісін өңдеу үшін суда жұмсартып жүнінен айырады да, 7 күн ащы айранда ұстайды. Айранға су, тұз, ұн қосады. Кепкеннен соң октаумен ысқылап, жұмсартады. Айранға су, тұз, ұн қосады. Кепкеннен соң октаумен ысқылап, жұмсартады. Түйенің өңделген мойын терісін тұз сеуіп сақтап қойып, керегенің көгіне таспа тілген. Таспа өте берік болған (Сурет 13а-г).

Түйе мойнақ - түйенің мойын терісінен жасалған торсық. Мойнақ деп түйенің алқымынан басына (құлақ түбіне) дейінгі мойын терісін айтады. Мойнақ тек түйеде ғана болатындықтан (түйе мойыны екі жерден бауыздалады) түйе деудің орнына мойнақ деп атайды.



Сурет 13 – а,е) түйенің мойын терісін тұз сеуіп сақтау; б,в) таспа; г) керегенің көгі;
ғ) жазу тақтасы ретінде қолданған түйенің жауарын сүйегі.

Мұтара – түйе жүнінен тығыз етіп тоқылған, сыртын қойдың майымен сылап қоятын су сақтауға арналған ыдыс. Байырғы кезде шекпенді сату үшін жайып жіберіп үстіне бір шелек суды құйып жіберіп су өткізбейтіндігін көрсетіп сатқан. Мұтара түйе жүнінен тығыз етіп тоқылғандықтан қыста судың жылылығын, жазда салқындығын сақтайды [АЭМ].

Түйе шаруашылығы басым дамыған Сыр-Арал, Маңғыстау өңірлерінде түйе жүні киімге кең қолданылып, одан шекпен, күртеше, кеудеше, бөкебай, шұлық тоқылды. *Шекпен* жаңбырда суды, жазда ыстықты, қыста салқынды жібермейді. Шекпен сатқанда жайып жіберіп, үстіне бір шелек су төгіп көрсеткен екен [АЭМ].

Бүрінен тазартылған түйе қарнын жертөленің (қыстық баспана) терезесі орнына тартқан [АЭМ].

Түйенің құн, сый, айырбас құралы ретіндегі қызметі. Ертеде, дәстүрлі қазақ қоғамында түйе адамның құны есебінде, қымбат сый есебінде, саудада айырбас құралы есебінде жүрген. Бір түйе 2 жылқыға немесе 20 қойға тең болған.

Түйе қалыңдықтың қалың малының негізгі бөлігін құраған. Яғни бас жақсы – 9 түйе, 8 құлынды бие – 16 бас мал, 3 жасар құнан-құнажын – 8 бас, 2 жасар 7 бас тай, жеке ту бие – 1 бас; жанама жақсы – 1 жылқы немесе 1 түйе, 1 ту ат; аяқ жақсы – 1 түйе, 1 жылқы, 1 сиыр және мылтық. [19, с.24]. Қара малды құрайтын қырық жетінің құрамында жанама жақсы, жеке ту бие, ту ат, қалың түйе болды. Қалың малдан бөлек күйеу жігіт қыз шешесіне «*сүт ақы*» деп аталған бір түйе, бір кілемнен тұратын сыйын жіберген. Қызды ұзататын күні күйеу жақ қалың малдың қалған бөлігінен бөлек, «*жеңгетайлыққа*» екі жасар түйе алып келген. Арал, Қазалы өңірінде түйе басты мал саналатын болғандықтан «боталы түйе» құдалықтың басты сыйы ретінде жүреді. Арал өңірінде күйеу жақ келін төркінін шақырғанда, олар құдалықпен бірге келін дүниесін әкелгенде 10-15 жағадан, 25-30 жағаға дейін киіт қайтарады, сонымен бірге бар болса боталы түйе атайды [АЭМ].

Б.Алтынсарин бойынша бата оқи келген ағайыны жерлеуге шығарылған шығынның орнын толтыру үшін екі, үш немесе оншақты жылқы немесе түйе жетектеп келеді, бұл «*аза*» деп аталады [3, с.4], Жасы үлкейіп қартайып қайтыс болған немесе елге сыйлы танымал егде тартқан адамның артынан арнайы «ас» берілген. Бас бәйгеге түйе, соңғы бәйгеге – 2 жастағы құлын тігілген.

Адам өлімі үшін төленетін айып – *құн* (құн – парсы сөзі) деп аталған. *Ер адам құны* 1000 қой немесе 100 жылқы немесе 50 түйеге тең. Әйел құны ерлерге қарағанда кем кесіліп, ер құнының тең жартысына тең, яғни 500 қой немесе 50 жылқы немесе 25 түйеге тең болған. Әйел құны ерлерге қарағанда кем кесіліп, ер құнының тең жартысына тең, яғни 500 қой немесе 50 жылқы немесе 25 түйеге тең болған. Қолын сындырса 250 қой немесе 25 жылқы немесе 12-13 түйе берілген.

Тоғыз – тоғыз малдан тұратын айып. Тоғыздың басында міндетті түрде түйе, жылқы немесе өгіз тұрған.

Жалпы қазақ жерінде барымта жылқыға жасалса, Арал, Қарақұмда барымта түйеге де жасалған [АЭМ].

Түйеге қатысты наным-сенімдер. Қазақтар түйе малына үлкен мән беретіндіктен түйеге қатысты ырымдары да ерекше. Көз тиеді деп, түйенің санын не болмаса атын айтпаған, «*бес-алты түйем*» бар деудің орнына, түйенің мойын терісінің атымен, «*бес-алты мойнағым*» бар деп, бүркемелеп айтқан.

Түйені екі қолды арқаңа қойып, жетекке алу керек, таякпен ұруға болмайды. Түйе сауғызбаса, ботасын алмаса, өлген адамның омырауына қойған тұзбен түйенің көзін жуған, желінін жуған. Ботасын бақыртқан. Бура адамды шайнайтын, яғни «адамға қарайтын» болса, оны көрген адам қақшиып тұрып қалу керек, қашпау керек, қашса қуады.

Түйені сататын болса «*бидасын*» (бида – түйені жетектейтін жіп) алып қалған немесе өркешінің жүнін шудасынан ырым қылып кесіп алып қалған. Биданы жүннен есіп істейді. Оған түйенің жүні, қойдың жабағысы пайдаланылады. Түйе сатып алатын адам жетектейтін бидасын өзі алып келуі керек.

Қазақ дәстүрінде ақ түйені аса қатты құрметтеп, қастерлеген. Қазақтар аруананы көз тиюден қорғап, мойнына аяқ киімнің ұлтарағын, кәрі жілік, тұмар оқытып мойнына ілген. Жаңа туылған ақ ботаны да көз тиюге бейім келеді деп, мойнына қойдың кәрі жілігін ілген, қызыл шүберек байлаған. Қазақ халқы қуанышты күнге «*ақ түйенің қарны жарылған күн*» деп теңеу айтады.

Қыстық соғымға сойылған түйенің бас сүйегін, малдың басы бұзылмасын деп, тастамай қораға іліп қойған (Сурет 14).

Екіқабат әйелге түйе етін жегізбейді, баласын 12 ай көтеріп, толғағы уақытынан кеш келеді, себебі түйе жәй қозғалатын маңғаз жануар. Түйе етін жегеннен толғағы созылып кеткен әйелге

түйені әкеп, келінді мойнындағы бидадан (жіп) үш қайтара аттатады. «Ей Алла, оң болсын, оң болсын!» – дейді [АЭМ]. Ә.Диваев бойынша екіқабат әйел 12 ай бала көтерсе, 12-ші айда әйелге бура түйені әкеп, оның мойнына ақ мақта салып, мойнынан аттаттырған; Ә.Диваев бойынша екіқабат әйел 12 ай бала көтерсе, 12-ші айда әйелге бура түйені әкеп, оның мойнына ақ мақта салып, мойнынан аттаттырған. [12, с.57-58].



Сурет 14 – а) Жауырынына рулық таңба басылған, мойнына көз тиюден қорғану үшін ұлтрақ ілген ақ түйе;
– мойнына кәрі жілік ілінген акбота, Фото бойынша Ж. Шәйкен реконструкциясы;
мал қораға ілінген түйенің бас сүйегі; көш көлігін аластау; мойнына тұмар ілінген қоспақ

